

егемен  
Қарақатан

# Түнді қуған күндіздей шуақты сөз, ұлылықпен егіздей қуатты ой

Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауын оқығанда туған толғаныс

*Жер бетіндегі ғұлама данышпандар аспандағы*

*жұлдыздарға ұқсайды. Жерде де, суда да жұлдыздарға*

*қарап жол табуға болады. Жұлдыздар болмаса адасуы мүмкін.*

*(Хадистерден).*

Ұлы тұлғаларды тарлан тарих туғызады. Дәуірдің дауылы мен жауыны, селі мен желі, өрті мен дерті шыңдап, шынықтырады. Кеңістік атты алып пен уақыт атты тұлпарды тізгіндей алатын ондай ұлы тұлғалардың жасампаздық қасиеті тарихтың тар кезеңдерінде құмнан аршылған алтындай жарқырай береді.

Еліміздің бағына туған сондай тұлғаның бірі де бірегейі – Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Бұған оның халықаралық жиындарда, әсіресе, үстіміздегі жылғы 28 қыркүйекте әлемдік ең биік мінбер Біріккен Ұлттар Ұйымының Ұлы жиынында сөйлеген сөзі мен Тәуелсіздіктің 24 жылында атқарған көрегендік пен ерлікке толы аса ауқымды қызметі айқын айғақ. Елбасы қиын кезеңде де алдына үлкен мақсаттар қояды және қанша қиын болса да күрмеуі қатты күрделі проблемаларды шеше алады. Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауын оқығанда алғаш оралған ой осы.

«Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» деп аталатын кезекті Жолдаудан біз Нұрсұлтан Назарбаевтың алғы күндердегі өзгерістерді көре білу мен соған сай әрекет етуінің тағы бір көркем көрінісін көреміз. Бұған біздің дағдарысқа қарсы басты стратегиямыз жайлы Жолдауда айтылған: «Қазір және кез келген басқа уақытта біздің дағдарысқа қарсы басты стратегиямыз үш қарапайым, бірақ маңызды – өсім, реформалар, даму ұғымдарымен үндес.

Біріншісі – өсім. Әңгіме ең алдымен, экономикалық өсім туралы болып отыр. Ағымдағы міндеттерге қатысты алғанда бізге Қазақстанның әлемнің неғұрлым дамыған отыздығына енуін қамтамасыз ететін экономикалық өсім қарқынын қалпына келтіру қажет. Біз жеке бастамаларды дамыта отырып, өсімнің жаңа ішкі көздерін ашуға тиіспіз.

Екінші – реформалар. Олар экономиканың, қоғам мен мемлекеттің тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Қазір біз «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын жүзеге асырып жатырмыз. Олар өз ауқымы жағынан біз 90-жылдары жүргізген реформалар ауқымына сәйкес. Бізге мемлекеттік және корпоративтік менеджментті, қаржы және фискалдық секторларды неғұрлым тереңірек реформалау мейлінше қажет.

Үшінші – даму. ХХІ ғасырда қоғамның барлық саласын үздіксіз жаңғырту дамудың басты факторына айналып отыр. Біз Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы, жоғары әлеуметтік жауапкершілік, халықтың неғұрлым әлсіз буындарына атаулы көмек қағидаттарында бүкіл мемлекеттік, қоғамдық және жеке институттарды кең ауқымды жаңғырту бойынша жұмыстар жүргізудеміз», – деген сөздер дәлел.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев биылғы Жолдауында еліміздің алдына дағдарысқа қарсы және құрылымдық жаңарулардың бес бағыты бойынша жүзеге асыратын міндеттер қойып, оны шешудің жолдарын да көрегендікпен көрсетіп берді.

Бірінші. Қаржы секторын тұрақтандыру. Екінші. Бюджет саясатын оңтайландыру. Үшінші. Жекешелендіру және экономикалық бәсекелестікті ынталандыру. Төртінші. Жаңа инвестициялық саясаттың негіздері. Бесінші. Жаңа әлеуметтік саясат. Бұлардың бәрі де еліміз үшін ауадай қажет. Ең маңыздысы, Елбасы осы бес бағытта қалай жұмыс істеу керектігі мен оны шешудің тиімді жолдарын тайға басқан таңбадай айқындап, анық айтып берді.

Мақсат айқын, міндет көп. Жолдауда айтылған әр сөз, әр пікір алшы түсер асыққа құйылған қорғасындай қона кетті көкейге. Соған мың мысалдың бір мысқалы: «Дүниежүзінде біз бастаған реформалар туралы, Жүз нақты қадам туралы жақсы біледі және оларды қолдайды. Біз достарымыздың көңілін қалдырмауға тиіспіз. Бұл реформалар мен аталған Жолдауда алға қойған олармен өзара байланысты міндеттерді орындау оңай болмайды, мүмкін, тіпті, ауыр соғуы ықтимал. Бірақ оларға балама жоқ. Егер біз осының бәрін жасамайтын болсақ, онда әлемдік дамудан үмітсіз кейіндеп қаламыз. Бірақ біз, әдеттегідей белгілегендеріміздің бәрін жасаймыз», – деген салиқалы сөз, салмақты ой.

«Шыдамды, сабырлы адам бастаған ісінің жақсы нәтижесін көреді», – депті Василий Ян. Табысқа жеткізетін жол – еңбек. Ақын Мұзафар Әлімбаевтың сөзімен айтсақ:

Мен білемін не табуды, не іздеп,

Еңбек қана елді ұлы дегізбек!

Биылғы Жолдауда Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев кәсіпкерлер табына, барлық ауқатты қазақстандықтарға арнаған сөзінде былай деді: «Мемлекет сіздердің бизнестеріңізді дамытып, аяққа нық тұруларыңызға барлық жағдайды жасады. Бүгінгідей сын сағаттарда сіздерге үлкен жауапкершілік артылады. Жекешелендірудің жаңа легіне белсенді қатысыңыздар, қаржыны заңдастырып, ашық жұмыс істеңіздер. Қуатты ел болу – бәсекеге қабілетті болу деген сөз. «Қазақстанда жасалған» әрбір бұйымда төрт қасиет – сапалы, ыңғайлы, әдемі және арзан болуы керек. Сонда ғана ісіміз өнімді, затымыз өтімді болады. Өзімізді өзіміз қамшылауымыз керек, бізді сырттан келіп ешкім жарылқамайды.

Мен кәсіпкерлер табына, барлық ауқатты қазақстандықтарға, барлық бизнесмендер мен іскер адамдарға сөз арнағым келеді. Мемлекет жекешелендіру мен экономикалық ырықтандыру бойынша біздің тарихымызда бұрын-соңды болмаған қадамдарға барып отыр. Еліміз қазірдің өзінде көпшіліктеріңізге ақша табуға және іскерлік журналдардың бірінші беттерінен көрінуге мүмкіндік берді. Мен сіздерді капиталдарды заңдастыруға, жекешелендіру тендерлеріне белсенді қатысуға шақырамын. Осылайша, сіздер өздеріңізге және Қазақстанға, барша халқымызға жәрдемдесетін боласыздар».

Міне, бұл әрі аталы, әрі баталы сөз. Аталы сөзді арсыз, баталы сөзді безбүйрек бетпак қана қайтарады. Елбасы сөз арнаған қалталы азаматтардың байлығына сай ақыл-парасаты барлығына өз басым кәміл сенемін. Сене отырып, оларға қасиетті кітап – Құранда айтылған:

Біле білсең шапағаты барларын

Сүйген құлы боларың хақ Алланың, –

деген ескертуі мен Әбубәкір Кердерінің:

Шашсаң да өмір бойы жиғаныңды,

Ей, пенде, жоғалтпашы иманыңды, – деген әрқашан есті сөзін естеріне салуды азаматтық парыз санадым.

Биылғы Жолдау аса қиын кезеңде жасалып отыр. Әлем аласапыран. Алда сан қиындық самсап, алып державалардың өзі қаусап тұр. Қиын, әрине. Қазақстан сияқты жас мемлекетке әсіресе қиын. Не айтары бар, өте қиын. Десек те, есте ұстар есті сөз – қиындық деген – қайрақ. Оған қаңылтырды жанысақ кетіледі, болатты жанысаң жетіледі. Бұған дейін екі мәрте екіленіп, еңтігіп жеткен дағдарысқа қарсы тиімді жоспар жасап, оны сәтімен жүзеге асырған, қиын кезде тәжірибе жинаған Қазақ елі бұл сыннан да сүрінбей өтетініне кәміл сенеміз. Ол сенімнің негізі – алдағыны көріп, алысты болжай алатын кемел ойлы кемеңгер Елбасының дана да сара саясаты, бірлігі бекем халқымыздың еңбекқорлығы. Елбасының Жолдауындағы сөзімен айтсақ:

«Келе жатқан күрделі кезең біз үшін еңсеру кезеңі болады. Біз жаңа жаһандық дағдарысты міндетті түрде жеңеміз. Бұл үшін бізде біртұтас ерік-жігер, халық бірлігінің берік дәстүрлері бар. Біз Қазақстанымызды дамудың жаңа шептеріне шығаратын боламыз!

Дағдарыстардың бәрі өткінші, өтеді де кетеді. Ел тәуелсіздігі, ұлт мұраты, ұрпақ болашағы сияқты ұлы құндылықтар ғана мәңгі. Мен айтып өткеннің барлығы жеңуге болатын, біз жеңе алатын бөгеттер. Біз көлденең шыққан кедергілерге кідірмей, дамыған 30 елдің қатарына қосылу мақсатына қадам басамыз.

Рухы биік, еңбегі ерен, бірлігі мығым Мәңгілік Ел болу үшін бізде бәрі бар. Тәуелсіздіктің туын желбіретіп, тұғырын нығайтқан біздің тарих алдында жүзіміз жарқын! Біздің тірегіміз – тәуелсіздік, тілегіміз – тұрақтылық, білегіміз – бірлік!»

Дүниежүзілік мәдениетке «Махабхарата» мен Тәж Махал сынды мәңгі өлмес қазына қосқан ұлы үнді халқында: «Мына жарық дүниеде әрекетсіз өмір сүруге болмайды», дейтін қасиетті қағида бар. Халқымыз ғасырлар бойы аңсаған Тәуелсіздігіміздің ширек ғасырына аяқ басып, Мәңгілік Ел болудың Нұрлы Жолымен жүріп келе жатқан кезде жасалған Жолдау бүгініміз бекем, келешегіміз кемел екендігінің тағы бір көркем көрінісі болды. Жолдаудағы сертке соққан семсердей алтыннан қымбат асыл сөз – түнді қуған күндіздей қуатты, ұлылықпен егіздей шуақты!

**Сәбит ДОСАНОВ,**

**жазушы, Мемлекеттік**

**сыйлықтың лауреаты.**

**АЛМАТЫ.**